

АҚСЕЛЕУ - АРМАН, АҚЖЕЛЕҢ ШАБЫТ

Әбіш Кекілбаев
Қазақстанның Халық
жазушысы, сенатор

Қайран халқым!

Ұлан-ғайыр сахарамызды түгел шолып, ұлан-асыр сыр-сипатымызды тегіс қамтып, қат-қабат тарихымызды терең қаузап, білгір ойымен, ділмар тілімен толғайтын ғұлама ғалым, сұңғыла білімпаз, сүлей суреткер - қайран Ақселеу енді жоқ. Атар таңның жарығы жаңа себездеп, айналаны нұрға бектіріп, шық толтыра бастағанда, ай маңдайы жарқырап, аққан жұлдыздай көзден ғайып болады деген ой үш ұйықтасақ түсімізге кірмепті. Айлапат төсін айқара ашып, күректей саусақтарын сала-лай тарақтап, әр сөзін сақадай салмақтап, шалқая қарап, шабыттана сөйлеп тұрғаны күні кеше ғана емес пе еді?! Маңғыстаудың қалқып жатқан қараойы мен сағым шалып, мұнарға батқан ақ шыңдарын селт еткізіп, өзіне қаратып, көсілте жөнкілтіп, талайды көріп, талайды біліп үлгерген тарлан басын сәндене шайқап, сырбаздана күлімсіреп еді-ау, сабазым! Қыл қобыздың көмейіндегісін, құйма құлақ қариялардың көкейіндегісін, төгіп-шашпай түгел жинап, енесінің бауырына сүңгіген ашқарақ қошақандай қомағайлана бас сұғып, үріптеп-сораптап талмай еміп, жебей сауып, ештеңе қалдырмай ақтап, қақтап, әбден сарыққан соң байыппен пайымдап, саралай салмақтап, әбден сараптап еді-ау, шіркін! Қазақтың күй өнері мен қазақтың ауызша тарихын аяқтағалы бері мойнынан батпан жүк түскендей болып, ешкісі тауға жайылғандай емін-еркін жүр еді. Ойдағысына жеткендей еді. Ел алдындағы парызын ақтағандай еді. Асқан бабында еді. Аса шабытты шағында еді. Күйі келген қобыздай тиіп кетсең еріп жүре беруші еді. Ел білмегенді айтып, жер түбіндегіні қозғайтын еді. Тілімен бала емізгендей еді. Жүрегінен күн көрінгендей еді. Қазақ дала-

сы талай дарынды, талай талантты, талай ділмарды, талай шешенді туар-ау. Бірақ соның бәрін бір басына сыйғызып, тал бойына сомдаған Ақселеу жойқын дарындар, сойқан таланттар бұл дүниеге енді айналып келгенше қашан? Оның кең қарымды. тың серпінді, тынымсыз ізденіске толы тарихи зердесі, өзімізді дұрыстап бағамдаудың, асқаралы шыңдарына шығып, бұрын-соңды батылымыз бармаған ұшы-қиырларына еркін самғай бастап еді.

Қазақта сал қандай болады? Ақселеудей болады. Сері қандай болады? Ақселеудей болады. Би қандай болады? Ақселеудей болады. Батыр қандай болады? Ақселеудей болады. Пір қандай болады? Ақселеудей болады. Қазақтың жақсысы мен жайсаңының бәрі қандай болады? Ақселеудей болады. Қазақтың көтепті қара нары қандай болады? Ақселеудей болады. Бәрінің орынына бір Ақселеу жүре алады. Ал Ақселеудің орына кім жүре алады? Ешкім де емес, тек Ақселеудің өзі жүре алады. Алаш аруағы мен қазақ рухын қайта тірілтіп, қайта қалыптасып келе жатқан ұлпа сезімімізге қаяу түсірген қаза болды бұл. Біз жауласып, шаңдатып, табысқан халық едік. Бүгінде аз қалдық. Тіпті селдіреп барамыз. Ақселеудің ажалы естен тандырып кетті. Жер жастандырып кетті. Өкініште қапы қалдық-ау. Ербиіп, өзер жүрміз. Өзер тұрмыз. Жер бетіне келіп кеткеніне санаулы күн дәмдес, мұңдас, мүдделес болғанымызға, күліп-ойнап бірге жүріп, бірге тұрғанымызға мың мәрте тәуба дейміз. Қазақ даласында оның өлмес, өшпес іздерінің бәрі жосылып, өлімі өнерпазға зорлық керсеткенмен, өнерге зорлық көрсете алмас. Қазақ ұрпағын талай қиялға шомдырар, талай арманға бастар Ақселеудің сөздері. Ақселеу-арман, ақжелең шабыт шарқ ұра берер.

Бақұл бол, бауырым!

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена историку, этнографу, журналисту А. Сейдимбеку. Автор излагает свои искренние воспоминания об этой личности и приводит своё стихотворение - некролог ко дню его кончины.

SUMMARY

The given article dedicated to the great person, historic, ethnographer and journalist A. Seidimbek. The author describes his reminiscence about this person, and wrote his poem expressed by disease of A. Seidimbek.